

**Координаталардың, биіктіктердің, гравиметриялық және спутниктік өлшемдердің, сондай-ақ мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлар масштабтық қатарының бірыңғай мемлекеттік жүйелерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 28 желтоқсан N 1403.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 208 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.03.2023 № 208 қаулысымен.**

"Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында:

координаталардың, биіктіктердің, гравиметриялық және спутниктік өлшемдердің бірыңғай мемлекеттік жүйелері, Пулков обсерваториясының дөңгелек залының ортасын бастапқы координатасы, ал негізгі биіктік деңгейі ретінде Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Балтық теңізіндегі Крондштадтық футштокының нолі алынсын;

мемлекеттік топографиялық карталардың 1:10000, 1:25000, 1:50000, 1:100000, 1:200 000, 1:500000, 1:1 000000;

жоспарлардың 1:500, 1:1000, 1:2000, 1:5000 масштабтық қатары белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі